

КЕЛІСЕМІН:

Кәсіподақ ұйымының төрайымы

тәрбиеші Ақбаева

К.К.Ақбаева

« 31 » 08 2021 жыл

БЕКІТЕМІН:

«Балдәурен» балабақшасының

менгерушісі Б.Б.Ташмағанбетова

Б.Б.Ташмағанбетова

« 31 » 08 2021 жыл

Өртті жою кезіндегі әкімшілік пен өртке қарсы қызметтің бірлескен әрекеттерінің тәртібі туралы нұсқаулық

1. Өрт туындаған кезде «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» балабақшасы» МКҚК-ның, бөлімше басшыларының, ерікті өрт құрамасы бастығының әрекеттері бірінші кезекте тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен көшірілуін қамтамасызетуге бағытталуға тиіс.

2. Өрт немесе түгінді байқаған балабақшаның әрбір қызметкері:

- нақты мекен жайын, не жанып жатқанын, өзінің тегін және хабарлама жіберіліп отырған телефон нөмірін көрсете отырып, бұл туралы дереу 101 телефоны арқылы қалалық өрттен қорғау қызметіне хабарлауға;
- жұмыс орнынан табылатын өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, ішкі крандары, т. б.) өртті сөндіруге кірісуге;

өрт

- өрт орнына «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» балабақшасы» МКҚК әкімшілік өкілін шақыру үшін шаралар қабылдауға міндетті.

Балабақшаның менгерушісі (немесе басқа лауазымды тұлға) өрт орнына келгенде: өрттен қорғау қызметі шақырылды ма, соны тексеруге;

- өрт сөндіру бөлімшесі келгенге дейін өртті сөндіруге басшылық жасауға;
- өрт бөлімшесін қарсы алу үшін кіреберіс жолдары мен су көздерінің орналасқан жерін жақсы білетін адамды жіберуге;
- жұмысқа объектіде бар өртке қарсы қорғаныс жүйесінің жабдығы қосылған-қосылмағанын тексеруге;
- үй-жайдан қабаттар сыртындағы тәрбиеленушілерді немесе өртті ауыздықтаумен айналыспайтын жұмыскерлерді шығаруға;
- адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда қолда бар күш пен құралдарды пайдалана отырып дереу құтқаруды ұйымдастыруға;
- қажет жағдайда медициналық, газдан құтқаратын немесе басқа қызметтерді шақыруға;

өртті жою жөніндегі шаралармен байланысты емес жұмыстарды тоқтатуға;

- қажет жағдайда электр энергиясын, жабдықты, желдету жүйесін өшіруге және өрттің таралуының алдын алуға әсер ететін іс-шараларды жүзеге асыруға;

- өртті сөндіруге қатысушы адамдарды ықтимал құрылымдардың құлауынан, электр тоғымен зақымданудан, уланудан, күйоден қорғауды қамтамасыз ету;

- өрт сөндірумен бір мезгілде жоғары температураның әсерінен қауіп төніп үй-жайдың құрылымдық элементтеріне салқындату жүргізуге міндетті.

Өрт сөндіру бөлімшесі келгенде өрт сөндіруге басшылық етуші жұмыскер өрттен қорғаудың аға бастығына өрт ошағы, оны жою үшін қабылданған шаралар туралы қажетті мәліметтерді, сондай-ақ үй-жайдағы өрт сөндірумен айналысып жатқан адамдар мен материалдық құндылықтарды алып шығушы адамдардың саны туралы хабарлауға міндетті.

Өрт жағдайына және өртті сөндірумен жұмыс істеп жатқан бөлімшелердің санына қарай өрт сөндіру басшысы (келген өрт бөлімшесінің аға бастығы) өрт сөндіру штабын ұйымдастырады. Штаб құрамына балабақша әкімшілігінің өкілі кіреді.

4. Балабақшаның өкілі өрт сөндіру штабында:

өрт сөндіру басшысына балабақшаның өзіндік ерекшеліктері бойынша кеңес беруге, оны үй-жайдағы тәрбиеленушілердің, жоспардың, жеңіл жанатын заттарды, газдарды қолдану немесе сақтау орнының, жоғары кернеудегі қондырғылардың, қымбат тұратын жабдықтардың және т. б. бар-жоғы туралы хабарлар етуге;

- өртті сөндірумен және мүліктерді көшірумен байланысты жұмыстарды орындау үшін өрт сөндіру штабының талабы бойынша жұмыс күшімен қамтамасыз етуге; өрт сөндіру басшысының нұсқауымен электр энергиясын ажыратуды немесе коммуникацияны ауыстыруды ұйымдастыруға;

өртті сөндірумен байланысты жұмыстарды орындау кезінде қызметкерлердің әрекетін түзетуге тиіс.

5. Әрбір оқиға бойынша балабақша әкімшілігі өрттің туындауына және өршуіне ықпал ететін жағдайларды түсіндіруге, барлық жұмыскерлермен өрт қауіпсіздігі бойынша кезектен тыс нұсқама өткізуге, қажетті алдын алу шараларын жүзеге асыруға міндетті.

